


**Пайдаланушы
нұсқаулығы**
LTE Wi-Fi роутер ZTE
MF296R



Құрылғы туралы

Жиынтық:

- LTE Wi-Fi Beeline MF296R роутері
- Қуат блогы
- Желілік кабель
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік картасы


Техникалық сипаттамалар:

- LTE FDD (B1/3/7/8/20), LTE TDD (B38/B40), WCDMA (B1/B5/B8) жолақтарындағы жұмыс.
- LTE FDD деректерді беру технологиясын пайдалану кезінде *максималды* жылдамдық деректерді қабылдау кезінде 300 Мбит/с дейін және деректерді беру кезінде 100 Мбит/с құрайды.
- Қамту аймағы: 20-30 метр.
- Құрылғылардың максималды саны: 64*.

*Интернеттегі бір уақытта пайдаланушылар саны деректерді берудің жалпы жылдамдығына әсер етеді. Wi-Fi желісіне қосылған құрылғылардың саны неғұрлым көп болса және олар неғұрлым қуатты болса, арна соғұрлым кептеледі және интернет жылдамдығы соғұрлым төмен болады.

Роутерге шолу

Желі индикаторларының сипаттамалары




Индикатор	Атауы	Күйі	Сипаттамасы
🔌	Электр қуаты	Жанып тұр	220 В қуат көзіне қосылғанда индикатор жанады.
		Өшірулі	Құрылғы қуат көзінен ажыратылған кезде индикатор сөнеді.
📶	Wi-Fi	Жанып тұр	Wi-Fi қосылған.
		Жыпылықтап тұр	WPS қосылған.
		Өшірулі	Wi-Fi өшірулі.
📶	Желілік қосылым	Қызыл	Құрылғы қате күйінде: <ul style="list-style-type: none">• Құрылғы мобильді желіде тіркелмеген.• Нано-SIM картасы салынбаған.• Қолжетімді желі қызметі жоқ.
		Көк жанып тұр	Құрылғы 3G/2G мобильді желісіне тіркелген.
		Ақ жанып тұр	Құрылғы LTE желісіне тіркелген.

Роутерді қолдану жолы

Роутерді орнату үшін нұсқаулыққа сай әрекет етіңіз. Ол сіздің барлығын дұрыс істегеніңізге көз жеткізуге көмектеседі.


1-ші қадам. SIM-картаны орнату

Желіге тіркелген SIM картаны суретте көрсетілгендей ұяшыққа салыңыз.



2-ші қадам. Роутерді қосу

Қуат адаптерін құрылғыға қосыңыз, содан кейін құрылғыңыз қосылып, Интернетке автоматты түрде қосылады.



3-ші қадам. Wi-Fi байланысын орнату

1-ші тәсіл

Сымсыз байланысты қолмен орнату

1. Мобильді құрылғыдан қолжетімді сымсыз желілерді сканерлеу өткізіңіз.
2. Құрылғы жапсырмасында көрсетілген SSID-ге сәйкес желі атауына қосылыңыз.
3. Құпия сөз орнына құрылғы жапсырмасында орналасқан сымсыз байланыс құпия сөзін енгізіңіз. Мобильді құрылғы сымсыз желіге қосылған кезде сізге хабарлайды.

2-ші тәсіл

WPS арқылы сымсыз байланысты орнату


Мобильді құрылғыңыз WPS-ті қолдаса, WPS қосылымын келесідей конфигурациялауға болады:

1. Мобильді құрылғыдағы сымсыз қосылым қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Осы құрылғыдағы WPS түймесін басыңыз.
3. Мобильді құрылғыда WPS қосылымын іске қосыңыз.

WPS қосылу әдісі мобильді құрылғының мүмкіндіктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

4-ші қадам. Роутердің web-интерфейсі


1. Браузердің мекен жай жолына 192.168.0.1 енгізіңіз немесе <http://m.home> сілтемесін енгізіңіз және роутердің веб-бетіне кіріңіз.



admin Показать пароль

2. Құпия сөзді енгізіңіз: admin.


3. Менің маршрутизаторым бетіне өтіп,
«Желі баптаулары»
– «Wi-Fi параметрлері»
– «SSID 1»
түймесін басып, қажет болса,
«Wi-Fi атауы» мен
«Құпия сөз тіркесін»
өзгертіңіз, «Қолдану»
түймесін басыңыз.



Ескерту:

Қажет болса, «Қосымша параметрлер» – «Басқа» – «Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру» бетіне өту арқылы құрылғыны зауыттық параметрлерге қайтаруға болады. Құпия сөз және желі атауы зауыттық параметрлерге жаңартылады.

Құрылғыны зауыттық параметрлерге қайтару үшін Қалпына келтіру түймесін(Reset) қолдануға болады.





Жүйелік талаптар

- Орталық процессор(CPU): ARM Cortex-A7, жиілігі 1,2 ГГц дейін.
- Оперативтік жады – 1ГБайт.
- Браузер – Firefox, Safari, Opera, Chrome.
- Сымсыз желі арқылы қосылуға арналған роутер интерфейсінің немесе Wi-Fi роутерінің әмбебап бірізді шинасы (USB 2.0) немесе Wi-Fi желісіне құпия сөзді енгізбей қосылуға арналған NFC тармағы.